




№1 (542) 26 ақпан 2021 жыл

ZANGAR



ZHANGIR KHAN
UNIVERSITY

2004 жылдың наурыз айынан шығады



– 2005 жылдан бері осы университетте қызмет етіп келесіз. Оқу орнының бүгінгі аяқ алысы қай деңгейде?

– 2005 жылы ректораттың шақыртуымен келіп, қызметімді жаңадан ашылған «Машина жасау» факультетінің декана болып бастадым.

Содан бері университет өмірі де бір орында тұрмастан ілгері жылжып келеді. Бір ғана «Машина жасау» факультетінің материалдық, лабораториялық базасы күні бүгінге дейін толықтай жабдықталды. Лаборатория жаңа құрылғылармен, компьютерлік бағдарламалармен жабдықталды. Соның арқасында білім сапасы да жоғары деңгейде. Жұмыс жан-жақты дайындықты талап ететіндіктен, оқытушыларда психологиялық жағынан өзгерістер көп.

Ректорымыз Асқар Мырзахметұлының бастамасымен жұмыс берушілермен, ірі өндіріс нысандарымен, ауыл шаруашылық мекемелерімен тығыз байланыс орнаттық. Солармен бірлесе тәжірибелік сабақтарды көбірек өткізуді жоспарға қойдық. Сапалы мамандар даярлаудағы негізгі критерий – олардың жұмысқа орналасу деңгейі. Бұл да өз нәтижесін берері сөзсіз.

– 2009 жылы «Болашақ» халықаралық бағдарламасы аясында Жапонияда «Нанотехнология» мамандығы бойынша ғылыми тағылымдамадан өтіпсіз. Күншығыс елінен қандай жаңалықпен оралдыңыз?

– Бұл сапар – менің ғылым саласындағы жетістіктерімнің бірі әрі үлкен өзгеріске бастады. Нанотехнология – заман талабына қажетті, ауқымы кең сала. Мен құрылыс саласындағы нанотехнология бойынша екі ай тағылымдамадан өттім. Нәтижесінде қазіргі ғылыми кадрлар даярлау жүйесін жаңа сапалық деңгейге көтеру керек деген ой түйдім. Нанотехнологияға арнайы қаржы бөлетін Жапония, Германия, Америка секілді дамыған елдер алдыңғы шепте келеді. Тағылымдамадан өтіп келгеннен кейін өз тәжірибемді ортаға салып, докторанттарым мен магистранттарымның жұмысына нанотехнологияның элементтерін енгіздім. Болашақта нанотехнологияны жетілдіру бағытында қондырғылар алу жоспарда бар. Университетімізде нанотехнология бойынша жақсы ғылыми нәтижелер болады деген ойдамын.



с.3

Бұл кім

Ұлағат

Ғасырлық мерейтойда оқылатын Жолдау



Жуырда Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетіне 1980 жылы оқу бітірген түлектер келіп, 2063 жылы оқу орнын тәмамдайтын студенттерге арналған Жолдауды табыстады.

1980 жылы университеттің «Ауыл шаруашылығы механизациялары» факультетін (қазіргі «Политехникалық институт») бітірген түлектер атынан келген А.Әжіғалиев, В.Железнова, У.Жұмағалиева, Л.Маркова игі бастаманың жаршысы болды. Олар Жәңгір хан атындағы тарихи-этнографиялық музейіне университетті 2063 жылы, яғни оқу орнының 100 жылдығында бітіретін түлектерге арналған Жолдауды аманаттады.

Жалпы бұл іс-шара 2020 жылдың 26 маусымына – түлектердің 40 жылдық кездесуіне жоспарланған екен. Алайда өңірдегі эпидемиологиялық ахуалға байланысты кейінге шегерілген.

Жәңгір хан атындағы тарихи-этнографиялық музейінің меңгерушісі, «Үздік өлкетанушы» төсбелгісінің иегері Нұржан Төлепов болашақ ұрпаққа аманат ретінде табысталатын, мұра болып қалатын мұндай дүниелер музей қорында бар екенін жеткізді. – Тәуелсіздік жылдарына дейін ертеректе «Студенттердің антын» бекітіп, ұсынған сәттер болған. Оның мазмұндық маңызы жойылғанымен, жәдігер ретінде музей қорынан орын алды. Бұған дейін ресейлік жоғары оқу орындарының бастамасымен, біздің университетіміздің қолдауымен 2045 жылы, яғни Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 100 жылдығымен тұспа-тұс білім алушыларға арналған Жолдау музейге тапсырылды. Ал университет түлектерінің Жолдау тапсыруы – алғашқы тарихи сәт. Мұны түлектердің білім ордасына деген ыстық ықыластары, ұстаздарына деген құрметі деп қабылдадық, – деді Нұржан Жолдығалиұлы.

Ләззат ҚАЖЫМОВА